

2001 жылғы егіннің астығын күзгі кезеңде мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қыркүйек N 1151

Азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервін жаңарту, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2001 жылғы егіннің астығын күзгі сатып алу ережесі бекітілсін.

2. 2001 жылғы егіннің астығын күзгі кезеңде сатып алуды жергілікті жерлерде ұйымдастыруды қамтамасыз ету жауапкершілігі облыстардың әкімдеріне жүктелсін.

3. "2001 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 155 P010155_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 47-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

1) тармақшада:

бірінші абзацтағы "5 108 000 000 (бес миллиард бір жүз сегіз миллион) теңге сомасына 419 000 (төрт жүз он тоғыз мың) тоннаға" деген сөздер "5 276 553 656 (бес миллиард екі жүз жетпіс алты миллион бес жүз елу үш мың алты жүз елу алты) теңгеге дейін сомаға 448 970 (төрт жүз қырық сегіз мың тоғыз жүз жетпіс) тоннаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "3 369 740 000 (үш миллиард үш жүз алпыс тоғыз миллион жеті жүз қырық мың) теңге сомасына 276 000 (екі жүз жетпіс алты мың) тоннаға" деген сөздер "2 686 740 863 (екі миллиард алты жүз сексен алты миллион жеті жүз қырық мың сегіз жүз алпыс үш) теңгеге дейін сомаға 229 970 (екі жүз жиырма тоғыз мың тоғыз жүз жетпіс) тоннаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "1 738 260 000 (бір миллиард жеті жүз отыз сегіз миллион екі жүз алпыс мың) теңге сомасына 143 000 (жүз қырық үш мың) тоннаға" деген сөздер "2 589 812 793 (екі миллиард бес жүз сексен тоғыз миллион сегіз жүз он екі мың жеті жүз тоқсан үш) теңгеге дейін сомаға 219 000 (екі жүз он тоғыз мың) тоннаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

бірінші абзацтағы "305 400 000 (үш жүз бес миллион төрт жүз мың) теңге сомасына 20 000 (жиырма мың) тоннаға" деген сөздер "136 846 344 (жүз отыз алты миллион сегіз жүз қырық алты мың үш жүз қырық төрт) теңгеге дейін сомаға 9 289 (тоғыз мың екі жүз сексен тоғыз) тоннаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "213 780 000 (екі жүз он үш миллион жеті жүз сексен мың) теңге сомасына 14 000 (он төрт мың) тоннаға" деген сөздер "48 046 344 (қырық сегіз миллион қырық алты мың үш жүз қырық төрт) теңге сомасына 3 289 (үш мың екі жүз сексен тоғыз) тоннаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "91 620 000 (тоқсан бір миллион алты жүз жиырма мың) теңге сомасына" деген сөздер "88 800 000 (сексен сегіз миллион сегіз жүз мың) теңгеге дейін сомаға" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 6 қыркүйектегі
N 1151 қаулысымен
бекітілген

2001 жылғы егіннің
астығын күзгі сатып алу ережесі

Осы Ереже 2001 жылғы егіннің астығын күзгі мемлекеттік сатып алу тәртібін айқындайды.

1. Астықты күзгі мемлекеттік сатып алу шарттары

1. Сатып алу "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Корпорация) конкурстық негізде іріктеп алған астық сақтауға лицензиясы бар және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) бекіткен тізімге енген астық қабылдау кәсіпорындарында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен (бұдан әрі - Сатушы) бір сатушыдан 15 мың тонна астықтан аспайтын көлемде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік астық ресурстарын қабылдауға және сақтауға жіберілген астық

қабылдау кәсіпорындарының тізімін Корпорация "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" республикалық газеттерінде жариялайды.

2. Астықты сатып алуды жүргізу мен оны қаржыландыру тәртібі

3. Астықты мемлекеттік сатып алу бағдарламасына қатысуға жіберілген сатушылардың тізімдерін айқындау үшін облыс әкімдерінің шешімдерімен жұмыс топтары құрылады. Жұмыс топтарының құрамына облыс әкімдерінің ауыл шаруашылығының мәселелерін қадағалайтын орынбасарлары, ауыл шаруашылығы департаменттерінің (басқармаларының), жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың, статистика және салық органдарының, Ауылшарминінің облыстық аумақтық басқармаларының өкілдері және Корпорацияның облыстық өкілдіктерінің директорлары енгізіледі.

4. Өз астығын сатуға мүдделі сатушылар жұмыс топтарына:

- 1) жұмыс тобының атына олар өндірген астықты сату туралы жазбаша өтінішті;
- 2) кіріс түбіртегінің (КТ-13) және астық қабылдау кәсіпорны белгілеген тәртіппен берген астықтың сапалы көрсеткіштерін куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) жерді пайдалану құқығын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесін ұсынады.

5. Жұмыс топтары Сатушылардың тізімдерін құрастырады. Кезектілік бұл ретте берілген жазбаша өтінімдерге сәйкес белгіленеді. Бекітілген тізімдер Ауылшармині бекітетін нысан бойынша Сатушымен астықты сатып алу-сату шарттарын жасасу үшін Корпорацияның облыстық өкілдіктеріне жіберіледі. Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі данада жасалады.

Шарт жасасу үшін Сатушы салық қызметі органдарынан ол қосылған құнға салынатын салықты, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын төлеуші болып табылатындығын растайтын анықтаманы не Сатушы бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатындығын растайтын құжатты ұсынады.

6. Астықты сатып алу-сату шарттары бойынша ақы төлеу жүргізу үшін Сатушылар Корпорацияның облыстық өкілдіктеріне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) қабылдау түбіртегі (КТ-10);
- 2) астық сапасының сертификаты;
- 3) салық заңнамасына сәйкес нысан бойынша шот-фактура.

7. Корпорацияның облыстық өкілдіктері 6-тармақта көрсетілген құжаттарды жасасқан шарттармен бірге ақы төлеу үшін Корпорацияның орталық кеңсесіне жібереді

Корпорация құжаттардың келіп түсуіне қарай үш күннен кешіктірмей Ауылшарминіне ақша алуға өтінім береді. Корпорацияның өтінімдері бойынша Ауылшармині 2 банктік күн ішінде өтінім берілген ақшаны Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында Корпорация

ашқан N 1 арнайы шотқа (бұдан әрі - N 1 арнайы шот) аударады. Алынған қаражатты Корпорация 3 банктік күн ішінде астықты Сатушылардың шоттарына аударады.

8. Корпорация ақшалай қаражатты астықты Сатушының шотына теңгемен Ауылшармині Корпорацияның N 1 арнайы шотына ақшалай қаражатты аударған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша аударады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.